

"Солтүстік Қазақстан облысының аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы
" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 02 қазандағы № 397 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 7 қыркүйектегі № 358 қаулысы.
Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 қыркүйекте № 4318 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Солтүстік Қазақстан облысының аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 02 қазандағы № 397 қаулысының (2015 жылғы 26 қараша "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3443 болып тіркелді) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының
Әкімі*

Қ. Ақсақалов